

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы  
білім бөлімінің «№15 балабақшасы» КМҚК.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі.

Рудный қаласы № 15 балабақшасы ересек «Ботақан» тобында балалармен күнделікті қазақтың ұлттық ойындарын ойнай отырып бойларында патриоттық сезімдерін оятып дене белсенділігін дамытамыз.

Міндеттері:

Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру.

Ұлттық, тұрмыс, салт - дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Ұрпақтан -

ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне

байланысты ұлттық ойындарды ойнауға үйрету. Ұлттық ойындарға деген

қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке,

ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұжым мақсат әрекетіне дағдысын, назар

ықыласын дамыту. Бір - біріне деген құрмет, жеңуге деген ұмтылысты

дамыту. Ой - өрісін, жадын дамытып, әрекет үйлесімін жетілдіру.

